

Хаттама № 1

01.08.2022 жыл

Қатысқандар: «Қамқоршылық кеңес» мүшелері.

Күн тәртібінде :

1. Қамқоршылық кеңестің ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру

2. 2.Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Н.Касымбекова сөз алып, жыйналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017жылғы 27 шілдедегі 355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ережемен таныстырып өтті.Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік ,бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі ,ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1.Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

2.Жалпы білім беру ұйымының материалдық –техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру ,оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.

3.Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсатуға,оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.

4.Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау .

5.Мектептің білім берушілік ,қаржылық ,кадрлық әлеуетін күшейту .

6.ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.

7.Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдеи беру.

8.Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Мектеп директоры қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне ,Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына ,сонымен кеңестің құрамына тоқталып өтті.

1. 2.Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Сөз алып, аудандық адами әлеуетті бөліміне 35оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтылатынын атап өтті,біз ауданның тапсырмасына сай осы жылы атаулы әлеуметтік алатын, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын,жетім, жартылай жетім балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз

етуге сұраныс берген болатынбыз. Осы негізінде атап айтқан 35 балаға ыстық тамақпен қамтамасыз етуге қаражат бөлінді.

Шешімі

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес №3 Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қаралған мәселелер бойынша жұмысты жандандыру.

Кеңес төрайымы:  Ұ.Рүстемова

Хатшы:  А.Тоғысбай